




**Автор:** Ажибаева Жулдыз Сазанбаевна  
**Пән:** Жаратылыстану  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Мен - зерттеушімін  
**Тақырып:** Қоректік тізбектегі өсімдіктер

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:экожүйе құрамындағы қоректік тізбек және қоректік торларды құрайтынағзалардысалыстырады. Көпшілік оқушылар:эко жүйелерде мекен ететін ағзалардың қоректік тізбектер мен қоректік тор құрастырады. Кейбір оқушылар:қоректік тізбекті құрайтын жайылымдылық және детриттік түрлерін түсіндіреді
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану,математика

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі «Артық сөзді тап» Миға шабуыл: Біздің әлем - кездейсоқ емес, әрбір заттың ЖҮЙЕСІ бар. Тірі табиғаттың қандай жүйесі жайлы айтылған? Оқушылар бір – бірімен талқылып, жауаптарын ұсынады. О: Қоректік тізбек Жаңа тақырыпқа шығу: Қоректік тізбек Оқушылармен бірге сабақтың мақсатын анықтау Пәндік лексика және терминология	презентация

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ ортасы	<p>Жаңа сабақ:</p> <p>Қоректік тізбек - ағзалардың бір – бірімен қоректені барысындағы қатынастары Трофикалық (қоректік) деңгей:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бірінші қоректік деңгей - продуценттер</li> <li>• Екінші қоректік деңгей - өсімдік қоректі жануарлар немесе фитофагтар (бірінші реттік консументтер).</li> <li>• Үшінші қоректік деңгей - өсімдік қоректі жануарлармен қоректенетін жыртқыштар (екінші реттік консументтер).</li> <li>• Төртінші қоректік деңгей - екінші реттік жыртқыштар (үшінші реттік тұтынушылар).</li> <li>• Ыдыратушы организмдер екінші деңгейден бастап барлық деңгейде кездеседі.</li> </ul> <p>«Атом және молекула» ойыны арқылы оқушыларды 3 топқа бөлу.</p> <p>Мұғалімнің нұсқаулығы бойынша оқушылар іс әрекеттерді қайталайды. (Мысалы, атомдар шынтақтары арқылы екі-екіден бірікті, аяқтары қолдары арқылы үш-үштен бірікті).</p> <p>Әр топқа әр түрлі трофикалық деңгейге жататын ағзалардың суретін таратып беру. Осы суреттерді қолдана отырып қоректік тізбек жасауын сұрау. Тапсырманы бағалау үшін оқушылармен бірге бағалау критерийлерін анықтау.</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Берілген ағзалардың аттары анықталады;</li> <li>• Ағзалардың қоректену типі анықталады;</li> <li>• Ағзаларды қоректік тізбектегі пирамида бойынша орналастырады.</li> <li>• Регламентті сақтау.</li> </ul> <p>Әр топ өз жұмыстарын ортаға салып, талқылайды. Қалған топтар бағалау критерийлері бойынша бағалайды. Өзара бағалау: «Сэндвич».</p> <p>Оқушыларға стикер таратылып, топтардың жұмысын бағалау үшін 1 жағымды жағын, 1 нашар жағын, 1 ұсыныс білдіру қажет. ФБ: (топтық тапсырма) ең жақсы баяндамашыны жұлдыз және алақан арқылы бағалаймыз. Оқушылардың басым бөлігі: Сурет арқылы мағынаны ашу. Бұл қандай ағаштың жапырақтары</p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>Қоректік тізбекті құрайтын ағзаларды салыстырыңыздар және трофикалық (қоректік) деңгейді анықтаңыздар:</p> <p>1 топ- тұтынушылар</p> <p>2 топ- ыдыратушылар қоректік деңгей:</p> <p>I.</p> <p>1. продуценттер</p> <p>2. өсімдік қоректі жануарлар немесе фитофагтар (бірінші реттік консументтер)</p> <p>II.</p> <p>1. өсімдік қоректі жануарлармен қоректенетін жыртқыштар (екінші реттік консументтер)</p> <p>2. екінші реттік жыртқыштар (үшінші реттік тұтынушылар)</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>1. қоректік тізбекті құрайтын ағзаларды ажыратады</p> <p>2. Қоректік тізбекке кіретін ағзалардың тізбекте орналасу ретін біледі.</p> <p>Кері байланыс: смайлик арқылы</p> <p>2. Тапсырма . «Ойлан, тап» әдісі. Жүппен жұмыс Берілген суреттер бойынша қоректік тізбек құрастырыңыздар және мекен ету ортасына байланысты қысқа және ұзын тізбекті анықтаңыздар:</p> <p> type unknown</p> <p>Құрлықтағы қоректену тізбегі қысқа (3-4 буыннан тұрады).</p> <p>Мысалы: ағаш- құрт- құс- жыртқыш құс. Су ортасындағы (ұзын).</p> <p>Флопланктон- зоопланктон- майда балықтар- жыртқыш балықтар- адам.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1. қоректік тізбек пен қоректік торды құрастырады.</p> <p>2. мекен ету ортасына байланысты тізбекті анықтайды.</p> <p>Кері байланыс: «Чемодан, қоқыс жәшігі, еттартқыш» әдісі арқылы</p>	<p>презентация</p> <p>Топтық тапсырмалар</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Рефлексия: Ойын. Табиғаттан нені үйрендім? - Мен күннен мейірімділікті үйрендім (күнді салу) - Мен судан тазалықты үйрендім (суды салу) - Мен әдемі гүлдерден нәзік болуды үйрендім (гүлді салу) - Мен ағаштан мықты, төзімді болуды үйрендім (ағаштың суреті) - Мен табиғаттан қайырымдылықты үйрендім (құсты бейнелеу) - Мен табиғатты қорғауды үйрендім (шөпті бейнелеу) - Міне балалар, білімдеріңмен еліміздің бірнеше жерлерін гүлдендірдіңдер. Ең көп еңбек сіңірген топты атау, бағалау.	Әзірленген үлгілер